

Евразийский национальный университет  
им. Л.Н. Гумилева  
Экономический факультет  
Кафедра «Государственный аудит»



ТОО «Центр исследований, анализа  
и оценки эффективности»  
Счетного комитета по контролю за  
исполнением республиканского бюджета



**«ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА  
ҚАРЖЫЛЫҚ МОДЕЛІ»**

халықаралық онлайн-конференциясының

**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

17 сәуір 2020 ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной онлайн-конференции

**«НОВАЯ ФИНАНСОВАЯ МОДЕЛЬ В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ  
ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ»**

17 апреля 2020 г.

**PROCEEDINGS**

international online conference

**«A NEW FINANCIAL MODEL IN THE CONTEXT OF THE  
DEVELOPMENT OF THE DIGITAL ECONOMY»**

17 April 2020

Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 336.11  
ББК 65.261

### Редакционная коллегия:

Профессор кафедры «Государственный аудит» д.э.н., профессор Сембиева Л.М.  
Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.  
Заведующий кафедрой «Государственный аудит» к.э.н., доцент Бейсенова Л.З.  
Зав.отделом прикладных научных исследований ТОО «Центр исследований, анализа и оценки эффективности»  
Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, (г.Нур-Султан), к.э.н. Карыбаев  
А. А.  
Руководитель НОД «Учет, анализ и аудит» АО «Университет НАРХОЗ», (г. Алматы), доктор PhD, к.э.н.,  
Джондельбаева А.  
Зам.руководителя Департамента «Учета, анализа и аудита» по научной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый  
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Петров А.М.  
Зам.руководителя департамента «Учета, анализа и аудита» по учебной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый  
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Никифорова Е.В.  
Доцент Черкасского института Государственного высшего учебного заведения «Университет банковского  
дела», (г. Черкассы), к.т.н. Пантелеева Н.Н.  
Заведующий кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита в отраслях народного хозяйства» БГЭУ (г.  
Минск), д.э.н., профессор Панков Д.А.  
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический  
университет» (г. Симферополь), д.э.н., профессор Абдуллаев Р.А.  
Доцент кафедры «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-  
педагогический университет» (г. Симферополь), к.э.н., доцент Мандражи З.Р.

**«Цифрлық экономиканы дамытудың жаңа қаржылық моделі»** халықаралық онлайн – конференциясының еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020.

**Новая финансовая модель в условиях развития цифровой экономики:** Сборник материалов международной онлайн – конференции. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020.

Proceeding international online conference **«A new financial model in the context of the development of the digital economy»** - Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2020.

Халықаралық онлайн-конференциясының еңбектер жинағында азаматтардың табыстылығының кепілі болатын және қазіргі әлемнің сұрауларына жауап бере алатын, цифрлық экономиканы дамыту кезінде жаңа қаржылық моделін жасау бойынша өзекті мәселелер қарастырылған

В сборнике материалов международной онлайн – конференции рассмотрены актуальные вопросы формирования новой финансовой модели, в условиях развития цифровой экономики отвечающей вызовам современного мира и обеспечивающей залог успешности государства через повышение благосостояния граждан.

Materials of the international online conference address the current issues of a new financial model in the context of the development of the digital economy responding the modern world challenges and providing a key to success of the state in increasing the welfare of citizens

УДК 336.11  
ББК 65.261

ISBN 978-601-337-321-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020  
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020  
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020

болуы мүмкін. Биліктің игіліктерді бөлу жөніндегі өкілеттігі, өндірістің және игіліктер мен артықшылықтарды бөлудің заң жүзінде белгіленген алгоритмі биліктің мұндай белсенділігі өзінің әлеуметтік жауапкершілігін іске асырудың ерекше тәсілі болып табылатынын куәландырады. Адамгершілік және моральдық құндылықтар, әділдік сезімі биліктің әлеуметтік жауапкершілігінің маңызды шарты болып табылады. Алайда, билік қызметін осы құндылықтарды елемей кезінде жауапкершілік тұрғысынан тек қоғам ғана бағалай алады.

### Әдебиеттер

1. Галкина Е. В. Местное самоуправление и гражданское общество в современной России: проблемы функционирования // Социология власти. 2007. № 1. С. 87-97.
2. Демченко Е. Н. Современная социальная политика: настоятельность философского подхода // Омский научный вестник. 2008. № 6 (74). С. 84-88.
3. Капицын В. М. Социальная политика и право: сущность и взаимозависимости // Общероссийский журнал социальной работы. 1998. № 8. С. 31-47.
4. Константинова Л. В. К понятию «социальная политика» в современной общественной теории // Управленческое консультирование. 2005. № 2. С. 108-124.
5. Пикулькин А. В. Система государственного управления. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2017. 423 с.

## ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАҒДАЙЫ

*Жубаназарова Г.С.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Қазақстан Республикасы,  
E-mail: [gulvira\\_zh@mail.ru](mailto:gulvira_zh@mail.ru)

**Аннотация.** Қазіргі уақытта қаржылық тұрақсыздық, мемлекеттік ақша қаражатының пайдаланылуын бақылау тақырыбы жоғары қоғамдық мәртебеге ие болды. Қаржылық бақылау қоғамның мемлекеттік билік органдарының қаржыны басқару және бөлу жөніндегі қызметі туралы шынайы ақпарат алуға барлық сұраныстарының орындалуын қамтамасыз етеді, мемлекеттік басқару жүйесінің, бірінші кезекте, бюджет қаражатын жұмсау саласындағы тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Негізгі мақсат – бюджет ресурстары шығыстарының нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру.

Мемлекеттік аудит саласына мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметіне функционалдық талдау, стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді, оларға қол жеткізу жөніндегі

бағдарламалық құжаттарды іске асырудың тиімділігін бағалау, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы, сондай-ақ кадрлық, қаржылық, табиғи және өзге де ресурстарды басқару, басқарушылық процестерді оңтайландыру бойынша, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалана отырып қабылданатын шаралар жатады.

**Түйін сөздер:** ішкі мемлекеттік аудит, халықаралық тәжірибе, бюджет, тиімді басқару, стратегиялық көрсеткіштер.

Кез келген экономикалық формацияда мемлекеттік қаржыны басқарудың қазіргі жүйесіне объективті баға беретін және оның одан әрі тиімді жұмыс істеуі жөніндегі бағыттарды айқындайтын институт қажет. Біздің еліміздің экономикасын дамытудың осы кезеңінде қаржы ресурстарын басқару және оларды пайдалану саласында жаңа міндеттер қойылады, бұл қаржы жүйесінің барлық элементтерінің, атап айтқанда, салық және бюджет жүйелерінің жұмыс істеуіне жаңа тәсілдерді талап етеді. Осыған байланысты бюджет саясатына қазіргі заманғы тәсілдер әзірленуде, бұл мемлекеттік аудит бағыттарына әсер етеді.

Бұл ретте нақты бір мемлекеттік орган шеңберінде жүзеге асырылатын ішкі аудит мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сенімділігін, тұрақтылығын және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін өзіндік тетік болып табылуы тиіс.

Бюджет қаражаты мен мемлекеттік активтерді тиімді басқару оларды пайдалану туралы жеткілікті толық ақпаратсыз мүмкін емес. Бұл ақпаратты иелену бюджеттік және бюджетаралық қатынастарды реттеу, бюджет қаражатын қалыптастыру және пайдалану, бюджет жүйесінің қағидаттарын сақтау, оның жұмыс істеу тетіктерін жетілдіру, мемлекеттік активтерді тиімді басқару жөніндегі оңтайлы басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесі мемлекеттік басқару органдары үшін мұндай ақпараттың көзі болып табылады.

Халықаралық тәжірибеде мұндай рөлді мемлекеттік аудит атқарады. Мемлекеттік аудит:

- қаржылық тәртіпті жақсарту, қоғам мүддесінде мемлекеттік қаржы ресурстары мен мемлекет активтерін басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға;
- халықаралық аудит стандарттарына және ұлттық заңнамаға сәйкес сапалы бақылау жүргізу арқылы мемлекеттің экономикалық әлеуетін одан әрі арттыруға жәрдемдесуге мүмкіндік береді.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес «**ішкі аудит** – бұл субъекті ішінде субъектіге арналған қызмет ретінде жүзеге асырылатын бағалау қызметі. Ішкі аудит қызметінің бірі ішкі бақылау жүйесінің барабарлығы мен тиімділігін зерделеу, бағалау және мониторинг жүргізу болып табылады».

Сонымен қатар, аталған қызметтер барлық болып жатқан процестердің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйеленген және дәйекті тәсілді пайдалануы тиіс. Ішкі аудит аясында активтердің сақталуына егжей-тегжейлі бақылау ғана

емес, сонымен қатар есеп, қаржы, салық салу және менеджмент сапасы саласында басшылық жүргізетін саясатты бақылау да жүзеге асырылады. Сондықтан ішкі аудит түгел қамтитын, алдын алатын және стратегиялық болуға тиіс деп болжанады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында сыртқы және ішкі мемлекеттік аудиттен тұратын мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесі қалыптасты. Бұл ретте сыртқы аудит Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті ұсынған және ішкі мемлекеттік аудит Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі атынан ұсынылған. Ішкі аудит ұйымға тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйелендірілген және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың тұтас жүйесінің пәрменді жұмыс істеуі үшін әлемдік оң тәжірибені қазақстандық практикаға бейімдеу қажет. Бұл мемлекет пен қоғамды мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және басқарудың барлық деңгейлерінде маңызды экономикалық шешімдер қабылдау үшін қажетті сапалы, тәуелсіз ақпаратпен қамтамасыз ету үшін неғұрлым пәрменді бақылау құралын құруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік секторда ішкі аудитті жүргізудің қолданыстағы нормативтік базасы мен әдіснамасы негізінен келесі бақылауды жүзеге асыруға бағытталғанын атап өткен жөн, бұл нәтижеге бағдарланған бюджеттеудің жұмыс істеуі кезеңінде ішкі аудиттің дәлелді сипаттамаларын көрумен байланысты болып отыр. Осыған байланысты ішкі аудит қызметтері кейінгі бақылауды жүргізуден басқа, алдын ала және ағымдағы бақылауды жүзеге асыруы тиіс, бұл олардың жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл Ішкі аудиторлар халықаралық институтының талаптарына сәйкес келеді, ол ішкі аудит ұйымының қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызметті білдіреді.

Ішкі мемлекеттік аудиттің миссиясы мемлекеттік органның стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда көзделген тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуін, мемлекеттік органдардың қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін, оның ішінде оларға бекітілген функциялардың орындалуын, көрсетілетін қызметтердің сапасын талдау болып табылады.

Бұл ретте «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау ұғымдарын айқын ажыратады. Мемлекеттік аудит тек қаржылық мәселелерді ғана емес, сондай-ақ тәуекелдерді басқару бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар негізінде пәрменді ұсынымдарды ұсына отырып, олардың қызметінің барлық бағыттарын қамтитын мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігін тұтас және тәуелсіз бағалауды білдіреді.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес ішкі аудиттің рөлі ұйымның қойылған мақсаттарына сәйкес түпкі нәтижелерге қол жеткізу үшін мемлекеттік

органның ішкі тәжірибесі мен рәсімдеріне тексеру жүргізу болып табылады. Мемлекеттік органдарда ішкі аудит бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол бермеу, тиімділікті, рентабельділікті және өнімділікті арттыру жөнінде уақытылы шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін қажетті ішкі сарапшылық орган болып табылады. Ішкі аудит қызметі ұйымды басқару процесінің құрамдас бөлігі болып табылады, бұл ретте халықаралық стандарттарға сәйкес ішкі аудиттің сапалық сипаттамаларына сәйкес ұйымның бірінші басшысына және басқару органына тікелей тәуелсіздік, бағыныстылық және есеп берушілік сақталуы тиіс. Ішкі аудит ұйымды басқару тармағының бірі болып табылады және ішкі бақылау компоненттерінің тиісті түрде жұмыс істейтінін айқындау жөніндегі жұмыстарды орындауға арналған. Ішкі аудит жүйесіне ұйымның барлық қызметкерлері мен жұмысшылары қатысады, өйткені әркім белгіленген тәртіппен және белгіленген мерзімде функционалдық міндеттерді орындайды.

Қазақстанның бюджет саласында оның инновациялық-инвестициялық дамуы жолында кедергі келтіретін бірқатар проблемалар байқалатынын көруге болады, олардың ішіндегі ең бастысы – бюджет қаражатын мақсатсыз және тиімсіз пайдалану. Аталған проблемаларды шешу мемлекеттік аудит жүйесінің тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатқа қол жеткізу тетіктерінің бірі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында құрылған ішкі аудит қызметінің жұмысын одан әрі жетілдіру болып табылады.

Еліміздің орталық мемлекеттік органдарында құрылған Ішкі аудит қызметі олардың қызметінің барлық бағыттары бойынша, оның ішінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасының тиімділігі мен сәйкестігіне аудит жүргізеді және қаржылық есептілікке аудит жүргізуге қатысады. Мемлекеттік органда, оның ведомстволарында, аумақтық бөлімшелерінде, ведомстволық бағынысты ұйымдарда ішкі бақылау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін бағалауды *Тәуекелдерді басқару жүйесі* негізінде жүзеге асырады. Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді бюджеттік шығыстармен өзара байланыста, оның ішінде нысаналы даму трансферттерін іске асыруды қоса алғанда, бюджеттік инвестициялар шеңберінде талдайды.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджет қаражатын пайдалану кезінде бұзушылықтардың жолын кесу, жол бермеу, анықталған кемшіліктерді жою, мемлекеттік органның қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынымдарымен Ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері туралы есеп енгізілетіндігін атап өткен жөн.

Сондай-ақ жүргізілген мемлекеттік аудит және қабылданған шаралар бойынша есептер мен ақпаратты ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға жіберу барысында мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының іс-әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда тиісті аудиторлық дәлелдемелері бар материалдарды құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға беріледі.

Қорыта келгенде, Ішкі аудит қызметі мемлекеттік органның ішкі бақылау жүйесінің тұрақты мониторингінің бір бөлігі ретінде ғана әрекет етеді, сондықтан тұтастай алғанда да, мемлекеттік органның жекелеген бөлімшелерінде де тиімділікке бақылауды жүзеге асырған дұрыс. Бұл өз кезегінде қаржылық және басқарушылық ақпараттың сенімділігі мен дұрыстығын, мемлекеттік орган қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын, мемлекет активтерінің сақталуын талдау, бағалау және тексерудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер

1. Закон Республики Казахстан от 12 ноября 2015 г. № 392-V «О государственном аудите и финансовом контроле». — [ЭР]. Режим доступа: [/http://adiletzan.kz](http://adiletzan.kz).

2. Бейсенова Л.З. Зарубежные модели организации финансового контроля: учеб. пособие. — Астана: Центр Элит,— 120 с.

3. Алибекова Б.А., Нурхалиева Д.М. Становление государственного аудита в Республике Казахстан // ИЗВЕСТИЯ Иссык–Кульского форума бухгалтеров и аудиторov стран Центральной Азии. — — № 1,2 (12,13). — С. 162–166.

4. официальный сайт Министерства энергетики РК [www.energo.gov.kz](http://www.energo.gov.kz)

### ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

*Жумадилова А.М., Нурманалиева Г.А.*

экономика магистрі

М.Х.Дулата атындағы ТарМУ, Тараз қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: bek.zhumadil@mail.ru

**Аннотация:** Мақалада шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың жолдары қарастырылған. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда Елбасының Жолдауына сүйене отырып осы өндірісті дамытудың тиімді жолдары қолданылды. Қазақстан әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына кіру үшін «Қазақстан 2050» стратегиясының экономикалық блогы бойынша елге ұлттық экономиканы көтеру қажет, яғни кәсіпорындар, фирмалар, компаниялар жағдайын жақсарту, қолайлы орта қалыптастыру, жеңілдіктер жасау, тиімді несиелер жүйесін қарастыру көзделген.

**Кілт сөздер** шағын, орта, кәсіпкерлік, Жолдау, бағдарлама, бизнес-жоба.

**Аннотация:** В статье рассмотрены пути развития малого и среднего предпринимательства. В развитии малого и среднего предпринимательства, опираясь на Послание Главы государства, были использованы эффективные пути развития этого производства. Для вхождения Казахстана в число тридцати